

БАСТАУЫШ СЫНЫПТА ДЕҢГЕЙЛІК ТАПСЫРМАЛАРДЫ ҚОЛДАНУДЫҢ МҮМКІНДІКТЕРІ

Ирсакова М.А.,Султанова М.М.

Тараз қаласы, М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті

Біздің ғасырымыз - өркениет дамуының кезеңі, ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дамуының кезеңі. Қазіргі білім жүйесінің негізгі міндеті – адамның ішкі жан дүниесінің, адамгершілік қасиеттерінің, жеке басының дұрыс қалыптасуына бағыттау, соған негіздеу болып табылады. Яғни қазіргі қоғам адамзат алдына, білім беру жүйесіне үлкен мәселелерді қойып отыр. Ондай мәселелердің бірі – мектеп педагогикасының күрделі де маңызды мәселесі – оқушыны оқыту, білім беру үрдісін жетілдіру, оқытудың жаңа технологияларын, жаңа үлгілерін пайдалану.

Қазіргі уақытта білім берудің жаңа даму бағытын қамтитын көптеген оқыту технологиялары пайдаланылып жүр. Бұл оқыту технологиялардың бәрі де – оқытуда белгілі бір нәтижеге жету мақсатын, яғни оқытуды кепілді нәтиже беретін өндірістік-технологиялық үрдіске айналдыру мақсатын көздеуден туындаған оқыту технологиялары болып табылады. Осы оқу үрдісін «технологияландыру» мәселесіне орай педагогика ғылымына «педагогикалық технология», «оқыту технологиясы», «білім берудегі технология» ұғымдары еніп, кеңінен қолданыс табуда.

Педагогикалық технология мәселесі В.М.Монахов, М.Кларин, Н.А.Менчинская, В.М.Шепель, қазақстандық Г.М.Құсайынов, Г.К.Нұртаева, Ж.А.Қараев, Т.Т.Галиев т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Бұл ғалымдардың барлығы бұл технологияны шеберлікпен өнім алу, нәтижеге жету, белгілі бір жоба, модельмен оқыту деген мағынасын негізге ала отырып, оны оқыту, білім беру үрдісіне қатысты педагогикалық аспектіде қарастырып, әр түрлі анықтамалар береді.

Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше сауатты, жан-жақты маман болу мүмкін емес. Жаңа технологияны меңгеру болашақ педагог-тәрбиешінің интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбетінің қалыптасуына игі әсерін тигізеді, өзін-өзі дамытып, оқу-тәрбие үрдісін тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Әрбір педагогикалық технология өзіндік жаңа әдіс-тәсілдерімен ерекшеленеді. Әдіс-тәсілдер мұғалімнің ізденісі арқылы оқушы қабілетіне, қабылдау деңгейіне қарай іріктелініп, қалыптасқан жағдайға сәйкес ең тиімдісі қолданылады. Оқушыларға жүйелі білім беру және алған білімі негізінде іскерлігі мен дағдысын қалыптастыру сияқты оқу процесінің негізгі мәселелері сабақ беру арқылы жүзеге асады. Сондықтан сабақ беру әдістеріне әрқашан да ерекше көңіл бөлініп, оны жетілдіру күн тәртібінен түспей келеді.

Бастауыш сынып пәндерін оқытуда жаңа технологияны қолданудың өзіндік тиімді жақтары мол. Бастауыш сыныптарда қазақ тілі, әдебиеттік оқу сабақтарында қолданылатын тиімді әдістердің бірі ретінде деңгейлік тапсырмалар арқылы меңгертуді айтуға болады.

Деңгейлік тапсырмалар – жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын жұмыстар жүйесі. Деңгейлік тапсырмалар оқушының ойлауын дамытып, дүниетанымын кеңейтеді. Жеке өзіндік көзқарасын қалыптастырып, ізденушілікке баулиды. Жалпы, деңгейлік тапсырмаларды қолдану оқушының жеке қабілетін ашуға, өзіне деген сенімін арттыруға, пәнге деген қызығушылығын арттыруға жол ашады.

Деңгейлік тапсырмаларды қолдана отырып ұшқыр мағыналы ұғымдарды терең және жан-жақты меңгертуге қолдануға болады. Деңгейлік тапсырмалардың тиімділігі оқушы белгілі бір тақырып бойынша түрлі тапсырмалармен жұмыс жасайды. Бірінші деңгейдегі тапсырмаларға қарағанда ізденімділік пен шығармашылық деңгейде орындалатын жұмыстардың мазмұны мен жүргізілу жолдары қиынырақ болады. Деңгейден деңгейге көшкен сайын тапсырмаларға қойылатын талаптар да артып, тапсырма мазмұны күшейе

түседі. В.П. Беспалько деңгейлерді төртке бөледі. Ол төмендегі схемада көрсетілді. Негізі деңгейлік тапсырмаларды енгізудегі басты мақсат — сынып оқушыларын қабілетті, қабілетсіз деп жасанды әр түрлі жіктерге бөлуді болдырмау. Осы арқылы деңгейлік және дербес оқыту, сонымен қатар барлық оқушыға қатысты ізгілендіру ұстанымдары сақталады.

IV шығармашылық

III эвристикалық

II алгоритмдік

I оқушылық

Білім деңгейін шығармашылық деңгейге көтеруде шығармашылық тапсырмалардың орны ерекше.

Профессор Ф.Ш.Оразбаева мен Н.Х.Шадиеваның деңгейлік тапсырмаларға төмендегідей сипаттама береді:

Оқушылық деңгейде орындалатын тапсырмалар:

-мұғалім түсіндірген білімді оқушы қайталап бере алатындай болуы керек;

-оқушыны жаңадан меңгерген білімін кез келген жағдайда тани алуға дағдыландыратын болуы қажет;

-жоғарыдағы деңгейдегі тапсырмаларды орындауға көмек бере алуы тиіс.

Бұл деңгейде бала мұғалім көмегімен амал-әрекет жасайды. Алдындағы мақсатты шешуге ұмтылады, бұрынғы білімдерін де пайдаланады.

Алгоритмдік деңгейде орындалатын тапсырмалар:

- өткен материалдармен өзара салыстыра отырып, жаңа материалдың ерекшеліктерін ажырата алуға негізделген болуы керек;

-сөйлемді дұрыс құрай алуға машықтандыратын болуы қажет;

-тапсырмада лексикалық тақырыптардың желісі үзілмей, өзара байланысып, бірін-бірі толықтырып отыруы тиіс;

-тапсырмада берілген ойды жалғастыратындай болуы керек”.

Алгоритмдік деңгейде мақсат пен шешілуге тиісті ситуация анық, оқушы бұрынғы жинақталған білімін пайдалана отырып, мақсатқа жету үшін өз бетімен жұмыс істейді.

Ізденімділік деңгейде орындалатын тапсырмалар:

-оқушыны іздендіре отырып, нәтижесінде өзіне жаңа білім алуын қамтамасыз ететін болуы керек;

-оқушыны қосымша әдебиетпен, түрлі сөздіктермен жұмыс жүргізуге бағыттайтын болуы қажет;

-оқушының ойлау қабілетін жетілдіретін тапсырмалар болуы қажет (сөзжұмбақ, ребус, жұмбақ) .

Бұл эвристикалық деңгейде мақсат анық, ситуация түсініксіз, оны оқушының өзі толықтырады, табады, шешеді. Мұнда да бұрынғы білім көмекке келеді. Оқушы жаңа хабар, білімді өз ізденісімен ала алады. Бұл деңгей - өнімді деңгей.

Шығармашылық деңгейде орындалатын тапсырмалар:

- Белгілі бір шығармашылық жұмысқа бейімдейтін болуы керек (сурет салу, шығарма, фантастикалық әңгіме, ой толғау, өлең, әзіл өлең жазу)

- Ғылыми көзқарасын қалыптастыруға баулитын болуы қажет (реферат, рецензия, баяндама, өз ойын, пікірін қосатын тапсырмалар, т.б.)

- Тапсырманы мазмұны арқылы оқушыға проблемалық ситуация туғызып, баланың шығармашылық ойлауын дамытытын болуы тиіс.

Шығармашылық деңгей – мақсат жалпылама, анық емес. Оқушы оны анықтайды, жаңа нәрсені табады, өз бетінше жаңа дүние әкеледі.

Шығармашылық деңгейге жету жолдары оңай емес. Бұл деңгей баланың қабілетін, дарынын дамытуға ықпал жасайды. Бала тек мұғалімді тыңдаушы ғана емес, ол- зерттеуші, ізденуші, жаңалық ашушы. Ал мұғалім оқушы іс әрекетін ұйымдастырушы, бағытберуші. Оқушының дағды іскерлігі белгілі бір проблема, ситуацияны шешу арқылы қалыптасады.

Әр деңгейде өзіндік талаптарына сәйкес тапсырмалар жүйесі жасалады. Оқушының жеке тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағытталған тапсырмалар олардың тек теориялық білімін тереңдетумен шектелмей, ойлау мәдениетін де жетілдіретіндей сипатта берілуі, бір жағынан, жас өспірімдердің тілдік құбылыстарды саналы түсінуіне негіз болса, екінші жағынан, білімге, білуге қызығуын арттырады. Бұл әсіресе ізденімділік деңгейдегі тапсырмаларды түрлендіру арқылы жүзеге асады.

Мұғалімнің оқыту әдістерін таңдаған кезде олардың оқушы ойын дамытуға, өзіндік көзқарастарын қалыптастыруға ықпалы қандай екенін алдын ала болжап анықтай алуы үлкен мәнге ие. Бұл технологияның бір ерекшелігі дарынды балалармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеу мүмкіндігі болып табылады.

Ізденімділік деңгейдегі тапсырмалардың оқушының сөз мәдениетін қалыптастырудағы мүмкіндігі мол, оны шеберлікпен пайдалана білу – сапалы білімнің негізгі көзі. Ал баланың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін қолданылатын шығармашылық деңгейде, оның қабілеттерінің қажет етеді.

Ғалымдар әр баланың өзіндік қабілеті бар екендігін дәлелдеген, әрі қабілет іс-әрекетарқылы дамып, жетіліп отырады. Шығармашылық қабілет – баланың өз бетінше ізденуі, мәселенің шешімін өзгеше шешуі, бұрын алған білімін пайдалана отырып, жаңа әдіс, жаңа жол таба білуі. Жан-жақты және үйлесімді жеке бастың аса маңызды көрсеткіші – оның жоғары дәрежеде ойлау қабілетінің болуы.

Шығармашылық деңгейде баланың дарындылығы, таланты, тапсырмаларды орындаудағы іздемпаздылығы танымдық, рухани интеллектуалдық шеберлікке ұштасатындығын айтады. Шығармашылық деңгейдегі тапсырмалар баланың ой-шапшаңдығын, сөз байлығын дамытып, өз ойын қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландырып, шапшаңдыққа, тапқырлыққа баулиды.

Деңгейлік тапсырмалар оқушылардың ойлау, сөйлеу қабілетін дамытатын, әлеуметтік көзқарасын қалыптастыратын, ізденушілікке баулитын, жеңілден қиынға, қарапайымнан күрделіге қарай сатылы түрде орындалатын жұмыс жүйесі. Мұндай жұмыс жүйесі үш деңгейлік тапсырмалардан тұрады:

-бірінші деңгей тапсырмалары мемлекеттік стандарт талабына сәйкес, бағдарлама мөлшерінен аспайтын, оқушының жас ерекшелігіне сай болады. Оқушылар бағдарламаға байланысты лексикалық тақырыптар мен тілдік ережелерді, жазба жұмыстарын орындайды. Тыңдап, айтып, оқып, аударып, жаза алады. Айтқанды түсінеді, сұрақтарға жауап береді. Естігенін қайталап айтады. Жеңіл ережелерді жаттап алады. Фонетиканы толық меңгереді. Грамматикалық, лексикалық тапсырмаларды игереді. Мәтінмен жұмыс жасайды.

-екінші деңгей тапсырмалары түрленіп, күрделене түседі. Оқушылар бағдарламаға сай тақырыптарды меңгеру барысында жұмыстың барлық түрлерімен танысады. Оқушы өз бетімен ізденеді, жеке қабілетіне қарай еңбек етеді. Оқушының тапсырманы орындау көрсеткіштері міндетті деңгейден әлдеқайда жоғары болады. Осындай талаптарға байланысты оқушы сөздерді дұрыс құрастыру, сөйлемді толықтыру, сұраққа жауап, диалог құру сияқты тапсырмаларды еркін меңгере бастайды.

-үшінші деңгей тапсырмалары танымдық-іздену, алған білімді жинақтау, бекітуге бағытталады. Ситуацияға байланысты әр түрлі нұсқада диалог құрады. Мәтін бойынша сұрақ қояды. Талдау, жинақтау, салыстыру жұмыстары жүргізіледі.

Бастауыш сыныптарда қазақ тілін оқыту барысында деңгейлік тапсырмаларды қолдану арқылы білім сапасын арттыруға болады. Мысалы,

1-деңгейлік тапсырма

Берілген сөздерді буынға бөліп жаз, қандай буын екенін анықта (ашық, тұйық, бітеу)

Аспан, халық, жарқ, жеміс, алтын, жануар, алма, ол

2-деңгейлік тапсырма

Берілген сөздерді қалай тасымалдауға болатынын дефиспен көрсет.

Ана, әке, мұғалім, аспаз, мектеп, қаламсап, кітап, кәмпит, қант, қарлығаш.

3-деңгейлік тапсырма

Дауысты дыбыстан басталатын екі мақал жаз, мәнін аш.

Бірінші сатыда оқушы мұғалім көмегімен бағдарлама бойынша тиянақты білім алады, не оқыса соны қайталап айтып береді, орындаушылық қызмет атқарады. Екінші сатыда осы алған білімін тереңдетіп, түрлендіріп, өзгертілген тапсырмалар орындау арқылы оқушы өз бетімен еңбек етеді. Үшінші сатыда танымдық-іздену жолындағы тапсырмалар орындап, бала өз тұжырымын жасайды. Сонымен педагогика ілімінде қолданылатын деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту дегеніміз-оқыту үрдісінің белгілі түрі және сапалы оқытуды ұйымдастыру түрлерінің жиынтығы, оқыту жүйесі. Оқушылардың сөйлеу тілін дамыту үшін жүргізілетін деңгейлік тапсырмалар-бір жағынан, оқушының білімін дамытушы, ал екінші жағынан, әдістемелік міндеттерді жүзеге асырушы.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

- 1.Қараев Ж., Кобдикова Ж. Об одной педагогической технологии обучения.- Алматы:Ізденіс,2002.
- 2.Ж.Қараев. Педагогическая технология. -Алматы, 2003.
3. Н.Шадиева.Оқыту процесінде жаңа технологияны қолдану-Ізденіс, 2003
4. М.М. Жанпейісова. Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде.- Алматы,2002.
5. А.Л.Жұмабекова. Деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқыту.-Алматы, 2005.
- 6.К.Жолымбетов. Қазақ тілін оқыту методикасы.-Алматы, 2001.
- 7 Ш.Сарыбаев.Қазақ тілі методикасының кейбір мәселелері. –Алматы,2008.